

Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 302 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 қазанда № 21364 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.09.2025 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	"КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
--	---

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 2 қазаны
№ 302 бұйрығымен бекітілген

Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.09.2025 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – ведомствоның аумақтық бөлімшелері) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орналасқан аумақтық бөлімшелер;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

3) лицензия – жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

4) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі – бір лицензия аясында тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау;

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

6) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде электрондық нысанда көрсетілетін төлемдерді жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Ветеринария саласында лицензиялауға мынадай қызмет түрлері жатады:

- 1) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызмет;
- 2) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызмет.

2-тарау. Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру тәртібі

4. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет):

1) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия беруді – ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші);

2) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия беруді – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды келіп түскен күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және оларды жауапты жұмыскерді тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері құжаттар тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/69 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестіктігін растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алу үшін портал арқылы ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне сұраным жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жұмыскері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері сұраным келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы еркін нысанда қорытынды жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытындыға ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жұмыскері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері және көрсетілетін қызметті алушы қол қояды және ведомствоның аумақтық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-мен

куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды алынған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияға қосымшаны ресімдейді.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыны лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін лицензияны және (немесе) тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік лицензия және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру кезінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

11. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді

көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

3-тарау. Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.09.2025 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу:

1) жеке тұлғаның-лицензиаттың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген;

2) дара кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) біріктіру, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөліп шығару және бөлу нысандарында заңды тұлға-лицензиатты қайта ұйымдастырған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда) жағдайларда жүзеге асырылады.

Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33-бабы 2-тармағына сәйкес рұқсат беру тәртібі енгізілген қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Егер дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайы, заңды тұлға–лицензиаттың орналасқан жерінің мекенжайы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты өзгерсе, осы Қағидалардың осы тармағы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды. Лицензиаттардың мекенжайларына мұндай өзгерістер мемлекеттік ақпараттық жүйелерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

14. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш қайта ұйымдастыру аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде беріледі.

Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті беруші, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексермейді.

16. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері құжаттар берілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және (немесе) дұрыс ресімделуін тексереді.

Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе дұрыс ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көзделген тәртіппен біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алу үшін ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне сұраным жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды негізінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тартуды жібереді.

Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта

ресімдеу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

17-1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді және ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес тыңдалым рәсімін өткізеді.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бұрын қағаз нысанында берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оларды электрондық форматқа ауыстырады және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысанын алады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.03.2021 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші, ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

22. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасығышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға арналған
лицензия беру қағидаларына
1-қосымша

"Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
18.09.2025 № 305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	1) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия беру – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші); 2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия беру – облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде, оның ішінде заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 5 (бес) жұмыс күні; 2) заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) түрінде.
		Мемлекеттік лицензияны және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымшаны беру, мемлекеттік лицензияны және (немесе)

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	мемлекеттік лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу не уәжді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке ветеринария саласындағы жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді, ол Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 616-бабының 4-тармағына сәйкес:</p> <p>1) лицензия беру үшін – 6 (алты) айлық есептік көрсеткішті;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - лицензия бергені үшін төленетін алым мөлшерлемесінің 10 (он) пайызын құрайды.</p> <p>Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол нысанда және екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.</p>
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.</p> <p>Өтініш демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда кешкі сағат 17-00-ден кейін келіп түскен жағдайда, мемлекеттік қызмет келесі жұмыс күні көрсетіледі.</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті</p>

	<p>алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндері сағат 17-00-ден кейін келіп түскен жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
	<p>Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none">1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған, электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші; көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринария саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/69 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10898 болып тіркелген) (бұдан әрі - Бұйрық) бекітілген Ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын

мәліметтердің электрондық нысаны;

Бұйрықпен бекітілген жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын мәліметтердің электрондық нысаны.

Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған, электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған, электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

2) ЭҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған кезде, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші; көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;
- 2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);
- 3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;
- 4) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бөлініп шыққан заңды тұлғаға лицензияны қайта ресімдеу жүргізілген заңды тұлғаның келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген шешімнің электрондық көшірмесі;
- 5) Бұйрықпен бекітілген ветеринариялық мақсаттағы

препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын мәліметтердің электрондық нысаны;

Бұйрықпен бекітілген жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу бойынша ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған ақпаратты қамтитын мәліметтердің электрондық нысаны.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымды төлеу туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші ЭҮТШ арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат алады.

Ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметінен бас тарту үшін мыналар негіздер болып табылады

- 1) жеке немесе заңды тұлғалардың бұл санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;
 - 2) лицензиялық алымның енгізілмеуі;
 - 3) көрсетілетін қызметті алушының Бұйрықпен бекітілген ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес келмеуі;
 - 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;
 - 5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде көрсетілетін қызметті алушыға – борышкерге соттың лицензия беруге уақытша тыйым салуы;
 - 6) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде құжаттардың ұсынылмауы немесе дұрыс ресімделмеуі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.
- Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру жағдайында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:
- 1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге қажетті құжаттардың ұсынылмауы немесе дұрыс ресімделмеуі;
 - 2) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

		3) егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бұрын заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар: 1414, 8 (7172) 701 998.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p>

"Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
1-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

Кімге _____

(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауын көрсету керек)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефоны _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағандығы;

қоса беріліп отырған құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісетіндігі расталады.

Жеке тұлға

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға арналған
лицензия беру" мемлекеттік
қызметін көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
2-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

Кімге _____

(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____
(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (лерінің) толық атауын көрсету керек)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____
(почталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Филиалдың немесе шетелдік заңды тұлғаның мекенжайы

(почталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, бактің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағандығы;

қоса беріліп отырған құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісетіндігі расталады.

Басшы

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға арналған
лицензия беру" мемлекеттік
қызметін көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың тізбесіне
3-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

Кімге _____

(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрі(лері)нің толық атауы)

жүзеге асыруға 20__ жылғы " __ " _____ № _____ берілген

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі (лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) (керегінің астын сызу) _____

мынадай негіздер бойынша:

1) жеке тұлға-лицензиаттың атының, әкесінің атының (бар болса), тегінің өзгеруі _____

2) дара кәсіпкер-лицензиаттың қайта тіркелуі, атауының өзгеруі _____

3) дара кәсіпкер-лицензиаттың қайта тіркелуі, заңды мекенжайының өзгеруі _____

4) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

5) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

(тиісті тор көзде X көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы _____

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағандығы;

қоса беріліп отырған құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісетіндігі расталады.

Жеке тұлға

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға арналған

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

Кімге _____

(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрі(лері)нің толық атауы)

жүзеге асыруға 20 ___ жылғы " ___ " _____ № _____ берілген

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі (лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) (керегінің астын сызу)

мынадай негіздер бойынша:

1) заңды тұлға-лицензиаттың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес бірігу

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуы _____ ;

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

5) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

_____ (тиісті тор көзде X қою қажет) қайта ресімдеуді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (почталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Филиалдың немесе шетелдік заңды тұлғаның мекенжайы

_____ (почталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы

_____ (почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағандығы;

қоса беріліп отырған құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

көрсетілетін қызметті алушының лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісетіндігі расталады.

Басшы

_____ (электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға



МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

_____ ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы) _____

— айналысуға _____

_____ берілді

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес -сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ерекше шарттары _____

(“Рұқсаттар және хабарламалар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _____

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қолы _____ (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Мөрдiң орны (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Алғашқы берiлген күні: _____ жылғы " " _____

Лицензияның қолданылу кезеңі: _____ жылғы " " _____

Берілген орны _____

Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға
арналған лицензия беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан



МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯҒА ҚОСЫМША

Лицензияның нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (лері) _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

Лицензиат _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база және/немесе объект _____

(орналасқан жері)

Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Лицензиар _____

(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қолы _____ (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Мөрдің орны (қағаз жеткізгіштегі қосымшалар үшін)

Қосымшаның нөмірі _____

Қолданылу мерзімі _____ жылғы " ____ " _____

Қосымшаның берілген күні 20__ жылғы " ____ " _____

Берілген орны _____

Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға
арналған лицензия
беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

[Уәкілетті органның атауы]



[Уәкілетті органның атауы]

Уәжді бас тарту

Берілген күні: [берілген күні]

[Көрсетілетін қызметті алушының атауы]

Тіркеу орны:

Облыс: [Облыс]

Аудан: [Аудан]


Қала\елді мекен: [қала\елді мекен]

[жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі] [БСН / ЖСН]

Мемлекеттік тіркеу күні [күні]

Бас тарту себебі: [бас тарту себебі]

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қол қоюшының лауазымы [Қол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]